

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.66-68

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

Бегатарова К.

Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйнатын тәңірі. Баяғыдан келе жатқан, ұлы ата-бабаларымыздан қалып отырған асыл мұрамыз – қазақ тіліміздің қазіргі кездегі түр-жағдайы қанағаттандырар емес. Ұлтымыздың жас қырандары, ел болашағы – біз, Қазақ жастары, өзіміздің туған тілімізде сөйлей білмеуіміз ұятқа жатар нәрсе... Сәкендер, Ыбырайлар аттап өткен тіліміз бүгінде өзге тіл рөлін ойнап отыр. Мемелекет тарапынан «тілге» қатысты көптеген іс-шаралар өтіп жатыр. Бірақ та ел сезімі оянбай жатып жасалып жатқанның бәрі бос...

Қазіргі жастарымыз туған тілінен гөрі, өзге тілдерді туған тіліндей көреді. Ағылшын және орыс тілдері біздің жастарымыздың сөз айналымының 65% құрайды. Өзге тілдерді білу де жөн, бірақ та туған тілін білмеген адам – «тамырсыз» адам! Қазақтың мақалында айтылғандай «Өз тілің – бірлік үшін, Өзге тілің – тірлік үшін» болуы керек қой. Туған тілін білмеу проблемасы бүгінгі таңда біздің елімізде бірінші орында тұр. Бұл проблема тәуелсіз Қазақстан кезінде ғана емес, сонау XIX-XX ғасырларда да қазақтың ұлы ақын-жазушылары көтерген басты мәселе болғанға ұқсайды.

Абай, Ыбырай, Мағжан, Сәкен және қазақтың басқа да көрнекті әдебиет қайраткерлерінің еңбектері жүздеген тілдерге аударылған. Жазушыларымыздың еңбектері оқырмандарына «адамгершілік», әрі «патриоттық» сезімдер ұялатып, жүректерінен үлкен орын алады. Бұл қаламгерлер «тіл» болашағына үлкен көзқараспен қараған. Осылардың ішінде Сәкен Сейфуллин еңбектері күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймай келген туындылар деуге болады. Сәкен жай ғана жазушы емес, ол ең алдымен қоғамдық мәселені анық аңғара білген, соны жақсарту жолында ерінбей тер төккен қоғам қайраткері, талантты саясатшы. Қаламгердің тілмен, елмен байланысты өлең-мақалаларынан оның ойын анық көруге болады.

Саяси репрессия орын алған қорықпай елінің, халықтың бостандығын ойлаған Сәкен басын талай рет қатерге де тіге білді. «тілдің», «білімнің», «жұрттың» жайлы жариялаған. Мәселен, 1923 жылы 15 қаңтарда жазған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген еңбегінде: «Біздің бір үлкен кемшілігіміз – басқа жұрттан бұрын өзімізді «киргиз» дейміз. Біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Егерде біздің қазақ бұл қатені түзетем десе, оп-оңай түзетіп әкелер еді» деп айтқан сөздері, әрине, қазіргі таңда жүзеге асты. Осыдан «қазақ» деген атымыз қайтарылып, егеменді ел болдық. С.Сейфуллин «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» атты еңбегінде де тіл мәселесін кеңінен қозғаған. 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда ылғи қазақ тілінде жазып отыру керек. Қалалардағы

мекемелер қазақша жазылған сөздерді алып тексеріп отыруға міндетті. Күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар. Енді қазақша хат білетін кісілер де бағалырақ болу керек. Әлі қазақша хат білмейтін адамдар французша білсе де Қазақстанда бір кезде іске аспай қалуы ап-анық нәрсе» деп жазды. Бұлнағызсолкездеерліккетәнеді.

Сейфуллиннің Қазақ Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы қызметіне кіріскен кезде де алғашқы көтерген мәселесі осы тіл мәселесі болды. Бір мақаласында былай деп жазды: «Аз ғана ақыға орысша әм қазақша білетін адамдар қызмет қыла қоймайды. «Орысша –қазақша білетін» дегенім ... біздің Қазақстанның көп жерінде орыс пен қазақ аралас. Сол себепті орыс пен қазақ аралас отырған жерлердің кеңселеріне қазақша әм орысша жазуды бірдей білетін адамдар қазіргі уақытта бағалырақ болады». Бүгінде заман ағымына сай Қазақстан азаматтарының екі немесе үш тіл білу талабы сол кездегі С.Сейфуллиннің идеясымен үндесіп жатыр деп айтуға болады. Әрбір мемлекеттік қызметтегі адам бірінші мемлекеттік тілді білу керек дегені заңы да, өз жалғасын табуы тиіс. Сәкен Сейфуллин осындай күн туарын білген де, сезген де, сенген сияқты. Осы қарқынмен тіліміздің дамуы жолындағы жұмыстар әр түрлі себептермен кідірмегенде, бүгінгі мемлекеттік тіліміздің жағдайы мүлдем басқаша болар ма еді, кім білсін?

Дәурдің қатал да қатерлі саяси жағдайы, көзі ашық зиялыларымыздың өмірін қиғанымен, өмірінің соңына дейін қазағым деп өткен азаматтың тіл туралы жазған еңбектерінің зая кетпегенін, әрбір қазақтың жүрегінде сақталғандығын, бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиетінің дамуын халыққа насихаттау ісінде ұйтқы болып отырған бас қаламыздағы мәдени мекемелердің бірі Сәкен Сейфуллин мұражайына келушілердің көзқарасынан көруге болады. Олар әр құжаттың мазмұнымен мұқият танысып, өздерінің таңданысын білдіреді.

Біздің «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзімізде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Ол үшін балабақшаларда, мектептерде көп жұмыс жүргізілуі қажет. Бүгінгі жастар ойын ашық айта алады, жаза алады, бірақ та өз тілін жетік білмейді. Туған тілдің білуі әр азаматтың парызы! Мемлекетіміздің тіл деңгейін одан ары асқақтату үшін, өткенімізді ұмытпау - біздің міндетіміз. Сәкен Сейфуллиннің көзі тірісінде бастаған ісі, қалдырған мұралары, еңбектері, айтқан нақыл да өткір сөздері арқылы қазіргі жастар көп мәлімет ала алады. Сондықтан да тілімізді жетік білуге тырысайық, әйтпесе, соншалықты Ұлы аталарымыздың Тіл үшін күресі бекерден-бекер өтті ме?

Әдебиеттер тізімі

1.Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Резуанова Ф.Қ.